Автоматты реттегіш жүйелері (АРЖ) берілген қондырғылар өндірулігін (қуат) және берілген деңгейдегі технологиялық көрсеткіштерін тұрақтандыруын ұстап тұру керек. Энергоқұрамадағы технологиялық көрсеткіштерінің реттегіштерін автоматтандыру қазіргі уақытта типтік отандық «Каскад-2» және АКЭСР құрылғыларымен орындалады.

Ішкі және сырқы ұйытқулары кезінде қазан көрсеткіштерінің өзара әсер етуі күрделі байланысты АРЖ-дің шығарылуы себепті. Белгілі қазандық қондырғыларға, жүктеме функциясын қоректі реттегіші атқаратын, ал су булық арнаның бастапқы ортасының температурасын тұрақтандыру функциясын – отын реттегіші атқаратын сұлбалардың құрылу нұсқасы қабылданды. Қоректі және отын реттегішке тапсырма негізгі қуат реттегіштен келеді.

#### 5.3 Қоректендірудің автоматты реттегіш жүйелері (АРЖ)

Қазанға қорек суды жіберу екі қоректік сорғымен атқарылады.

**Көпіршіктенуді кетіру мақсатында негізгі сорғы мен газсыздағыш арасында, қоректік сорғының сорғышты құбыршасынан тірек құрушы, айнарудың аз жиілікті қосулы көмекші сорғылар орналастырылған.**

Қоректік сорғының тегеуріндік сызықтарын қосудан кейін су ЖҚҚ тобынан өтеді. ЖҚҚ-дың екі орағытқыш сызықтары бар. Бірі қорғағыштық рөлді атқарады, және соленоид жетекті тез жүргізулі қақпашасы бар, ЖҚҚ-ның құбырлық жүйесі істен шыққанда қосылады, ал екіншісі ЖҚҚ-ны тексеру немесе жөндеу кезінде жұмыстық сызық қызметін атқарады. Кері қақпаша арқылы қорек су қазанның екі (А,Б) жібіне келеді. Су булық арнаның әрбір ағынында өзіндік ҚАР орнатылған. Қазанды қоректендірудің автоматты реттегіштік жүйесі, негізгі, қоректік судың шығын реттегіші және ағын бойынша қорек суды тарату және ошақтық судың шығын реттегіші кіреді.

#### Қоректендірудің негізгі реттегіші

Қоректендірудің негізгі реттегішіне  $W_{зд}$  қуатты реттегіштен берілген дабыл келеді. Кері байланыс ретінде, ҚР-не әрбір ағынның ҚҚР-не алынған қоректік судың суммалық шығыны  $W=W_A + W_B$  бойынша дабыл келеді.

Қоректендірудің жағулық реттегіші қолмен басқару берілетін дабылға сәйкес, ҚҚР-де әр ағынның аз құламалы сезгісі өлшенетін қорек судың суммалық шығынын келтіреді. Қос реттегіштермен қоректендірудің реттегіші «қадамдық» сұлба бойынша, жетіктік шығырдың қоректік сорғыларының ТПН-1 және ТПН-2 басқару тетігіне әсер етуімен (синхронизаторлар) жүзеге асырылады.

Дабылды синхронизациялау ретінде қоректік сорғылардың тегеуріндік сызықтары өлшенетін, қоректік судың шығыны қолданылады. Сұлбада негізгі қоректендіру реттегішінің екі қоректік сорғысының біреуі өшірілген кезінде үзікті байланыс жылдамдығы қарастырылады.

#### Ағын бойынша қорек судың тарату реттегіші

Қорек судың тарату реттегіші, ағын бойынша бірдей шығынды ұстап тұратын, басқа қақпашаның тұрақты жағдайындағы (толық ашулы немесе

берілген шек маңында), қоректік қақпашалардың ҚҚР-1 немесе ҚҚР-2 енгізілген екі электржетектің біреуін таңдау үшін арналған. Реттегіш құралдардың қажетті қайта коммутация күштік тізбегі, ҚҚР максималды мүмкіндіктің ашылуына келтірілген, ҚҚР орындаушы тетіктерінің «көбірек» жолдық сөндіргіштермен басқарылатын, Р-1, Р-2 реле түйіспеліктерінің көмегі кезінде жүзеге асырылады. Егер екі ҚҚР аралық жағдайда (толық емес ашылған) болса, жолдық сөндіргіштері ИМ ағытулы, екі ҚҚР реттегіш жұмысы кезінде ҚҚР-дің біреуі ашылмағанша, ашылу жағына ғана қарай ауысады. Бұл жағдайда жолдық сөндіргіштік ИМ тұйықталады, При этом путевой выключатель ИМ этого РПК замыкается, басқарушы ИМ реле Р-1 немесе Р-2 іске қосылады және толық ашылу жағдайына жетпеген, келесі реттеу тек бір ғана ҚҚР-не әсер етумен жүзеге асырылады. Қоректендіру реттегішінің сорғыға тікелей әсері және судың ағын бойынша таратылуы, қорек судың келтірілген жүктеме шығынына сәйкестігін және қоректендіру реттегіштік қақпашаның минималды шығын қысымын қамтамасыз етеді.

Пайдаға асырғыш қазанда тарылу қондырғылардың қорек суды өлшеу бойынша есептеу

Өлшенетін орта – су

Өлшенетін ең үлкен көлемдік шығыны

$$Q_{0\max} = 25 \text{ м}^3/\text{ч}$$

Өлшенетін орташа көлемдік шығыны

$$Q_{0\text{ орт}} = 23 \text{ м}^3/\text{ч}$$

Тарылу қондырғының алдындағы судың артық қысымы

$$P_u = 40 \text{ кгс/см}^2$$

Тарылу қондырғының алдындағы судың температурасы

$$t = 181^\circ\text{C}$$

Тарылу қондырғының алдындағы 20°C температурадағы құбырдың ішкі қосөресі

$$D = 125 \text{ мм}$$

Құбырдың материалы – болаттың маркасы 20

№ реті	Анықталтын шама	Пункт, формулалар, суреттер, қосымшалар, кестелер нөмірлері	Есептеу	Қорытынды
Шаққылық қысымөлшер мен тарылу қондырғыларды таңдау				
1	Тарылу қондырғылар түрі	-	Құтылық тарылтқыш, , материалы – болат X17	
2	Шаққылық қысымөлшер түрі мен түрленуі	-	Сильфонды шаққылық қысымөлшер DC-V-2	
ша	Шаққылық қысымөлшердің жоғарғы шегі, $Q_{on}$	-	-	25м <sup>3</sup> /ч
Есептеуге жетіспейтін мәліметтерді анықтау				
4	Шаққылық қысымөлшер алдындағы судың абсолютті қысымы, P	-	40+1	41кгс/см <sup>2</sup>
5	Жұмыстық шарттағы судың тығыздығы	[ 4, 7қосымша ]	-	886,9кг/м <sup>3</sup>
6	Тарылтқыш алдындағы құбырдың температурасындағы ішкі қосөресі, D	-	D = D <sub>20</sub>	125мм

7	Р және t жұмыстық шарттағы қозғалымдық тұтқырлық, $\mu$	$[4, 14 \text{ косымша}]$	-	$16 \cdot 10^{-6} \text{ кг} \cdot \text{с} / \text{м}^2$
Шаққылдық қысымөлшердің көрсетілген қысым құламасын анықтау				
8	Көмекші өлшем, C	$C_1 = \frac{Q_{опр} \cdot \sqrt{\rho}}{0,01252 \cdot D^2}$	$\frac{25 \sqrt{886,9}}{0,01252 \cdot 125^2}$	3,808
9	Шаққылдық қысымөлшердің шектік көрсетілген қысым құламасы $\Delta P_n$	$[4, 15 \text{ косымша}]$	-	1000 кгс/см <sup>2</sup>
10	Тарылтқыш еселеуішінің шамалық мәні, m	$[4, 16 \text{ косымша}]$	-	0,20
Рейнольдс санын анықтау				
11	Рейнольдс саны, Re	$Re = 0,0361 \cdot \frac{Q_0 \cdot \rho}{D \cdot \mu}$	$0,0361 \frac{12,6 \cdot 886,9}{125 \cdot 16 \cdot 10^{-6}}$	201707
12	Берілген еселеуіш үшін минималды мүмкіндікті Рейнольдс саны, $Re_{min}$		$Re > Re_{min}$ , болғандықтан есептеуді жалғастырамыз	10000
13	Рейнольдс санының шекаралық мәні, $Re_{гр}$	-	201707 < 570000 болғандықтан, шығынның артылған қателік коэффициентін ескеру қажет	570000
Тарылғы кондырғылар көрсеткішін анықтау				
14	Тарылтқыштағы ең үлкен қысым құламасы, $\Delta P$	-	$\Delta P = \Delta P_n$	1000 кгс/м <sup>2</sup>
15	Көмекші өлшем $m\alpha$	$m\alpha = \frac{C}{\sqrt{\Delta P}}$	$\frac{3,808}{\sqrt{1000}}$	0,1205
16	Тарылтқы еселеуіші, m	$\frac{m\alpha}{\alpha}$	$\frac{0,1205}{0,6152}$	0,195

17	Тарылтқы материалының жылулық кеңеюіне түзету көбейткіші, $k_t$	[4, 15қосымша]	-	1,0014
18	20°C температурадағы тарылтқы тесігінің қосаресі, $d_{20}$	$d_{20} = \frac{D}{k_t} \sqrt{m}$	$\frac{125}{1,0014} \sqrt{0,195}$	55,04 мм
Есептеуді тексеру				
19	Шығын коэффициенті, $\alpha$	$\frac{1}{\sqrt{1-m^2}} \left[ \begin{array}{l} 0,5959 + 0,0312m^{1,05} - \\ -0,184m^4 + 0,0029m^{1,25} * \\ * \left( \frac{10^6}{Re} \right)^{0,75} \end{array} \right]$ $k_{II}=1$ , тарылтқының сыртқы жиегі үшкір болғандықтан; $k_{III}=1$ , т.к. $m \leq 0,27$		0,6085
20	20°C температурадағы тарылтқы тесігінің қосаресі, $d$	$d = k_t' d_{20}$	55,04*1,0014	55,12 мм
21	Ең үлкен қысым құламасына сәйкес шығын $\Delta P$ , $Q_0$	$0,01252 \alpha k_t^2 d_{20}^2 \sqrt{\frac{\Delta P_n}{\rho}}$	$0,01252 * 0,6085 * 1,0014^2 * 55,04^2 \sqrt{\frac{1000}{886,9}}$	24,57 м <sup>3</sup> /ч
22	Есептік шығынның мүмкін төмен аралығының мәні	-	25 м <sup>3</sup> /ч Демек, есептеу дұрыс орындалған	

## 6. Экономикалық бөлім

ТЖЭО - да БГҚ құрылысының мақсаты Тараз қаласын электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету. ЖЭО-ның бастапқы мәліметтеріне сүйене отырып, экономикалық есептеуді жүргіземіз. NPV ЖЭО-на қажет уақытты қанағаттандырып және оның құны өсетіндей тиімді жоба



қабылдау қажет. Сонымен қатар осы инвестицияның өтелу мерзімін табуымыз керек.

Есептеу үшін бастапқы берілгендер ретінде электр және жылу энергияларының жылдық өндіру көлемдері және 1 кВт·сағ электр энергиясы мен 1 Гкал жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шартты отынның меншікті шығысы, отын түрі, оның жылу шығару қабілеті (ккал/кг көмір үшін және ккал/м<sup>3</sup> газ үшін), отынның бағасы (теңге/т.о.т. көмір үшін және теңге/м<sup>3</sup> газ үшін), қатты отынның шығарылу көзінен стансаға дейінгі тасымалданатын ара қашықтығы беріледі.

1Кесте - Есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер

Э <sub>өнд</sub> , млн.кВт·сағ	Q <sub>өнд</sub> , мың Гкал	Отын	Q <sub>б</sub> , ккал /м <sup>3</sup>	Б <sub>отын</sub> , теңге /м <sup>3</sup>	T <sub>м</sub> , сағ
546	910	газ	8500	25	6500

Бір кВт·сағ өндіруге жұмсалатын отынның меншікті шығысын 230-250 ш.о.г/кВт·сағ көлемінде деп қабылдайды; ал бір Гкал жылу энергиясына жұмсалған отынның меншікті шығысы - 200-210 ш.о.кг/Гкал.

Газбен жұмыс істейтін ЖЭО үшін штаттық еселеуішті қатты отында жұмыс істейтін ЖЭО-мен салыстырғанда 15-20% -ға төмендету қажет.

Қатты отынның тасымалдану құнының шамасы 1,4-1,6 теңге/т-км. Есептеулерде газдың тығыздығын 0,83 кг/м<sup>3</sup> деп қабылдайды.

Пәндік жұмысты орындағанда:

- ЖЭО салуға және жылустансасын пайдаланғандағы жұмсалатын қосындышығындарды есептеу;
- электр және жылу энергиясын өндірудің өзіндік құнын есептеу;
- NPV, IRR, PP көрсеткіштерін есептеу және ЖЭО-ын пайдалануға лайық екендігі жөнінде қорытынды жасау керек.

ЖЭО-ның жылдық энергия жіберуін анықтау

Электр стансасының жұмысы кезінде өндірілетін энергияның бір бөлігі стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалады. Электр энергиясының бұл шығысы қондырғының типіне және оның бірлік қуатына, қолданатын отын түріне, негізгі және көмекші қондырғылардың техникалық жетілу дәрежелеріне және стансада техника мен қаржы саясатын дұрыс жүргізуге байланысты болады. Стансаның өзіндік мұқтажына жұмсалатын электр энергиясының шығысы -6 дан 16%-ға дейін.

Есептерде өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын электр энергиясының шығынын - 7- 9% ( $\mathcal{E}_{\text{ө.м.}}$ ), ал жылу энергиясына - 0,5- 1% ( $Q_{\text{ө.м}}$ ) деп қабылдау керек.

Электр және жылу энергияларының жылдық жіберулері келесі кейіптемелермен анықталады

$$\mathcal{E}_{\text{жіб}} = \mathcal{E}_{\text{өнд}} \cdot (1 - \mathcal{E}_{\text{ө.м.}}) = 546 \cdot (1 - 0,08) = 502,32 \text{ млн. кВтсағ,}$$

$$Q_{\text{жіб}} = Q_{\text{өнд}} \cdot (1 - Q_{\text{ө.м.}}) = 910 \cdot (1 - 0,007) = 903,63 \text{ мың Гкал,}$$

мұндағы  $\mathcal{E}_{\text{өнд}}$  және  $Q_{\text{өнд}}$  – электр және жылу энергиясының жылдық өндірілуі (1-кестені қараңыз).

Мұнда жіберілетін энергиядан өндірілетін электр және жылу энергиясына жұмсалатын меншікті отын шығындары

$$b_{\text{э}} = 240 \text{ ш.о.г/кВтсағ,}$$

$$b_{\text{жс}} = 200 \text{ ш.о.кг/Гкал.}$$

#### Отынға жұмсалатын шығынды анықтау

Электр және жылу энергияларын өндіруге жұмсалатын жылдық отын шығыны

$$B_{\text{э}} = \mathcal{E}_{\text{о}} * b_{\text{э}} = 546 \cdot 240 = 131040 \text{ ш.о.т,}$$

$$B_{\text{ж}} = Q_{\text{о}} * b_{\text{жс}} = 903,63 \cdot 200 = 182000 \text{ ш.о.т.}$$

ЖЭО-ның жалпы отын шығыны

$$B_{\text{ш}} = B_{\text{э}} + B_{\text{ж}} = 131040 + 182000 = 313040 \text{ ш.о.т.}$$

Отынға және оның тасымалына жұмсалатын шығындар табиғи отын бойынша анықталса, онда отынның шығысы бойынша анықталған шамаларды табиғи отынға айналдыру керек.

Табиғи отынның шығысы келесі түрде болады

$$B_T = B_{шт} / K_a = 313040 / 1,35 = 231881,48 \text{ т.о.т.}$$

$K_a$ - шартты отынды табиғи отынға аудару еселеуіші шартты және табиғи отынның жылу шығару қабілетінің қатынасынан шығады (барлық берілгендер 1-кестеде көрсетілген).

ЖЭО – ның негізгі отыны газ болғандықтан газ шығысын анықтаймыз.

$$V_T = B_T / \rho = 231881,48 / 0,83 = 279375278,9 \text{ м}^3.$$

Магистралды газ құбыры бойынша табиғи газды әкелу және оны стансаға дейін жеткізуге жұмсалатын шығындар газды сатып алу бағасына кіреді.

Отынға жұмсалатын шығын құраушысы төмендегі кейіптемемен табылады

$$Ш_{отын} = V_T \cdot B_{отын} = 279375278,9 \cdot 25 = 6984,38 \text{ млн. теңге.}$$

Отынды қолданудың ПӘЕ-ін есептеу

ПӘЕ-і бірге тең құрылғыда 1 кВт·сағ электр энергиясын алуға 123 ш.о.г, ал 1 Гкал жылу энергиясына - 143 ш.о.кг қажет екені белгілі. Өзіндік мұқтаждыққа жұмсалатын электр және жылу энергиясының шығындарын ескергендегі отынды пайдалы пайдалану еселеуіші

$$\text{ПӘЕэ} = 123 / b_{э} * 100\% = 123 / 240 * 100\% = 51,25\%,$$

$$\text{ПӘЕж} = 143 / b_{ж} * 100\% = 143 / 200 * 100\% = 71,5\%.$$

Стансаның отынды пайдалану еселеуіші төмендегідей болады

$$П\Theta E = \frac{0,86 \cdot \mathcal{E}_{ж\ddot{c}iб} + Q_{ж\ddot{c}iб}}{7 \cdot B} \cdot 100\% = \frac{0,86 \cdot 502320000 + 903630}{7 \cdot 313040000} \cdot 100 = 19,8\%$$

Суға жұмсалатын шығындарды есептеу

ЖЭО-да су шығыр шықтандырғыштарында буды салқындатуға, жылуменқамдау жүйелерін толықтыруға, генераторлар мен трансформаторлардың салқындатылуына, күлді тазалауға және т.б. шығындалады. Стансалардың сумен қамдау жүйесіне (тікелей, айналмалы) сәйкесті су шығындарының шамалары да әртүрлі болады. Мысал ретінде Қазақстандағы стансалардың біріндегі суға кететін шығынның көлемі 1,4-1,6 теңге/ кВт·сағ аралығында екен. Күрделі есептер үшін сумен қамдаудағы шығындар келесідегідей табылады

$$\mathcal{Ш}_c = \mathcal{E}_c (1,4 - 1,6) = 546 \cdot 1,4 = 764,4 \text{ млн. теңге.}$$

Еңбекақы шығындарын есептеу

Өндірісте және қызмет көрсететін ЖЭО-ының өнеркәсіптік-өндірістік персоналға (ӨӨП) жұмсалатын еңбекақыларды анықтау үшін оның санын білу қажет. ӨӨП-лар - пайдалану, жөндеу және әкімшілік-басқару деп жіктеледі. Олардың саны негізінен негізгі энергетикалық қондырғының қуаты мен санына, қолданатын отын түріне, жөндеу жүргізу тәсілдеріне тәуелді болады.

ӨӨП санын электр стансасында 1 МВт орнатылған электр қуатына қанша адам саны кететінін көрсететін штаттық еселеуіш арқылы анықтауға болады. Стансаның орнатылған электр қуатын осы қуатты пайдаланудың максималды сағат саны және электр энергиясын жылдық өндіру шамасы арқылы анықтауға болады, яғни

$$N_{орн} = \frac{\mathcal{E}_{он\ddot{c}д}}{T_m} = \frac{546000}{6500} = 84 \text{ МВт}$$

Орнатылған қуатты пайдаланудың максималды сағат саны  $T_m$ -ді есепте 6300 сағат деп аламыз. ЖЭО жылу энергиясын - жалпы тұрғын үй

және қоғамдық құрылыс аймағын жылуландыру және ыстық сумен қамтамасыз етуге жібереді.

Қазақстанның кейбір стансаларындағы жұмысшылардың саны туралы әдеби және іс-жүзіндегі мәліметтер бойынша штаттық еселеуіштің орташа мәндерін алуға болады ( $K_{ш}$ ): орнатылған қуаты 500 МВт-тан жоғары ЖЭО үшін - 1,3 - 1,5 адам/МВт, қуаты 500 МВт-тан аз болса – 1,6 - 1,8 адам / МВт. Тапсырмада көрсетілгендей ЖЭО табиғи газбен жұмыс істегенде  $K_{ш}$  шамасы 15 - 20 % - ға төмендейді.

Стансаның қызметкерлер саны төмендегідей анықталады

$$ҚС = K_{ш} * N_{орн} = 1,6 * (1 - 0,15) * 84 = 114 \text{ адам.}$$

Еңбекақының қосынды қорына кіретіндер:

– негізгі еңбекақы ( $Ш_{неа}$ ), оған энергияны өндірудің технологиялық үрдісте айналысатын жұмысшылардың еңбекақысы кіреді, сонымен қатар жұмыс істелген уақытпен байланысты (тарифтік мөлшерлемелер және міндетті айлық ақылар, еңбекақы қорынан алынатын жұмысшылардың сыйақылары, мерекелік күндер мен түнгі уақыттағы жұмыс үшін төленетін қосымша төлемдер және т.б.) ақылар да кіреді.

– қосымша еңбекақыға ( $Ш_{кеа}$ ) жұмыс уақытына байланысты емес (кезекті, қосымша және оқуға байланысты демалыстарға және мемлекеттік міндеттерді орындауға байланысты төлемдер және т.б.) төлемдер кіреді.

– еңбекақыдан алынатын төлемдерге ( $Ш_{саа}$ ) әлеуметтік салықтар және зейнеткерлік қорға түсетін аударылымдар кіреді.

Еңбекақының қосынды қорын анықтайтын кейіптеме мынаған тең

$$Ш_{са} = Ш_{неа} + Ш_{кеа} + Ш_{саа} = 91392000 + 13708800 + 22596672 = 127,697 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа жылдық негізгі еңбекақының шамасы  $Ш_{саа}$  бір қызметкерге 800-1000 мың теңге деп қабылданады.  $Ш_{кеа}$  шамасы  $Ш_{неа}$  шамасының 10-15 % мөлшеріне тең деп алынады. Еңбекақыдан алынатын аударылымдар

$\Pi_{\text{саа}}$  (әлеуметтік салық және зейнеткерлік қорға аударымдар)  $\Pi_{\text{неа}}$  және  $\Pi_{\text{кеа}}$  қосындысының 21.5% мөлшеріне тең деп қабылданады.

#### Амортизациялық аударылымдарды есептеу

Амортизациялық аударылымдар жабдықтардың табиғи және моральдық тозуын қаржылай орнын толтыру екені белгілі және күрделі жөндеу жүргізу мен тозған жабдықтардың орнына жаңа жабдықтар алуға (реновация) жұмсалады. Амортизациялық аударылымдар стансаның қосынды капиталдық салымдар шамасынан (әдетте әдебиеттерде аталатын: негізгі өндірістік қорлар, мекемелердің негізгі активтері, негізгі капитал) пайызбен алынады. Әрбір жабдыққа жұмыс уақытына және өндірістік үрдістегі өндірістік қорлардың тағайындалуына байланысты амортизациялаудың өз нормалары белгіленген. Амортизацияның шектік нормалары ҚР Президентінің №2235 24.04.95 ж., заң күшіне ие Қаулысына байланысты белгіленеді, амортизация нормаларын одан жоғары қолдануға болмайды.

Негізгі өндірістік қорлар (капиталдық салымдар) бағасын анықтау үшін алдын ала есептеулер жүргізгенде ТМД елдері мен шет елдерде меншікті капитал салымдары көрсеткіші  $K_{\text{менші}}$  кеңінен қолданылады. Оның мәні тіпті бір типті стансалар ішінде блоктарының қуатына, олардың санына, пайдаланылатын отынның түріне және экологиялық талаптарға байланысты кең ауқымда жатады. Есептеулерде  $K_{\text{менші}}$  шамасы белгіленген қуаты 800 МВт, ЖЭО үшін - 1700 \$/кВт, 200 МВт - ЖЭО үшін - 2000 \$/кВт деп қабылданады. Осы қуаттары диапозонына жататын стансалар үшін  $K_{\text{менші}}$  сәйкес үлесте қабылданады. АҚШ долларының бағасын есептеуде 181 теңге деп қабылдау керек

$$K = K_{\text{менші}} * N_{\text{орн}} = 858 * 181 * 84 * 1000 = 13117,104 \text{ млн. теңге.}$$

Орташа есеппен блоктардың және стансаның жалпы қуатына, пайдаланылатын отын түріне байланысты амортизациялау нормасы 5 - 7 % аралығында болады. Жалпылама есептеулер жүргізу үшін

амортизациялық аударылымдар нормаларын К шамасының 6% мөлшерінде қабылдау керек

$$\text{Ш}_a = 0,06 * K = 0,06 * 13117,104 = 787,02 \text{ млн. теңге.}$$

Ағымдағы жөндеу шығындарын есептеу

Бұл шығын құраушысына өндірістік жабдықтарға ағымдағы жөндеу жүргізуге кететін шығындардан басқа техникалық қарап шығуға және жұмыс кезіндегі жабдықтарды жұмысқа қабілетті күйінде ұстап тұруға (сүрту және майлау материалдары) кететін шығындар жатады және мына шамада анықталады

$$\text{Ш}_ж = 0,15 * \text{Ш}_a = 0,15 * 787,02 = 118,05 \text{ млн. теңге.}$$

Шығарындыларға төлемдерді есептеу

Зиянды заттарды шығаруға төленетін ақы мөлшері шығарындылар көлеміне байланысты. Олар өз кезегінде жағылатын отын түріне (көмір, газ, мазут), оның мөлшеріне және зиянды заттарды ұстау тәсіліне (электрлік фильтрлер, эмульгаторлар) байланысты болады. Біздің жағдайда бұл құраушыны жұмыс істеп тұрған стансалармен салыстыра отырып, ұқсастық әдіспен анықтаған жөн. Екі бастұз көмірін жаққан кездегі шығарындыларға төлем мөлшері бір табиғи отын тоннасы үшін 150-180 теңге шегінде болатыны анықталған, ал ЖЭО – ғы газбен жұмыс істейтін болса, онда зиянды заттарды шығаруға төленетін ақы мөлшерін 1000 м<sup>3</sup> газ үшін 40-60 теңге болады.

$$\text{Ш}_{\text{шығ}} = (40-60) * V_r = 50 * 279375,28 = 13,97 \text{ млн. теңге.}$$

Жалпы стансалық және цехтық шығындарды есептеу

Бұл құраушы әкімшілік-басқармалық шығындарды (еңбекақы, кеңселік шығындар, іс сапарлық шығындар), жалпы өндірістік (ұстап тұру, амортизация, жалпы стансалық құралдарды ағымдағы жөндеу, сынақтар, зерттеулер, ұтымды пайдалану және еңбекті қорғау), мақсатты шығындарға аударылымдар (техникалық насихаттау, өзінен жоғарғы

тұрған мекемелерді ұстап тұру), цехтарға қызмет көрсету және оларды басқару (цехты басқару

еңбекақысы, амортизация және ғимараттарды ұстап тұру мен ағымдағы жөндеу шығындары, еңбекті қорғауға кететін шығындар).

Ауқымды есептеулер үшін мына кейіптемені пайдалануға болады

$$\begin{aligned} \text{Ш}_{\text{жалпы}} &= 0,2 * (\text{Ш}_a + \text{Ш}_{\text{са}} + \text{Ш}_{\text{отын}}) = 0,2 * (787,02 + 127,6975 + 6984,38) = \\ &= 1579,82 \text{ млн. теңге.} \end{aligned}$$

Энергия жіберудің өзіндік құнын есептеу

ЖЭО-ның электр және жылу энергияны өндіруіне байланысты шығындарды осы құраушылар бойынша бөлу қажет. Бұл шығындарды бөліп тарату еселеуіштері бойынша жүргізіледі

$$K_{\sigma} = \frac{B_{\sigma}}{B_{\text{ж}}} = \frac{131040}{313040} = 0,42$$

Ол электр энергиясын жіберуге отынның қанша мөлшері (бірлік үлеспен немесе %-бен) шығындалғанын көрсетеді, ал айырмасы (1-K<sub>σ</sub>) - жылу энергиясына кеткен отын шығынының үлесін көрсетеді. Есептеуді табиғи немесе шартты отында жүргізу керек.

Одан кейін жіберілетін энергия түріне байланысты алынған еселеуіштерге ұқсас әрбір құраушыға кеткен шығынды бөліп, нәтижелерді 2-кестеге енгізу қажет.

2 Кесте - Электр және жылу энергиясын өндіруге кететін шығындар құраушылары

Шығындар құраушылары	Ш, жалпы, млн.тенге	Шэ, эл. энергия	Шт, жылу, млн.тг
Отын, Ш <sub>отын</sub>	6984,38	2923,69	4060,69
Су, Ш <sub>су</sub>	764,4	319,98	444,42
Еңбек ақы қоры Ш <sub>са</sub>	127,70	53,45	74,24
Амортизациялық аударымдар Ш <sub>а</sub>	787,0	329,45	457,57
Жөндеу, Ш <sub>ж</sub>	118,05	49,42	68,64
Жалпы стансалық, Ш <sub>жа</sub>	1579,82	661,32	918,50



Шығарындыларға төлемдер $Ш_{шығ}$	13,97	5,85	8,12
Барлық шығындар	10375,35	4343,17	6032,18

Электр энергиясын жіберудің өзіндік құны төмендегідей анықталады  
(2 кестенің үшінші бағанының алымы)

$$S_{э} = \frac{Ш_{отын} + Ш_c + Ш_{ea} + Ш_a + Ш_{ж} + Ш_{жс} + Ш_{шығ}}{Э_{жіб}} = 8,65 \text{тг/кВт} \cdot \text{сағ}$$

Жылу энергиясын жіберудің өзіндік құны төмендегідей анықталады  
(2 кестенің төртінші бағанының алымы)

$$S_{ж} = \frac{Ш_{отын} + Ш_c + Ш_{ea} + Ш_a + Ш_{ж} + Ш_{жс} + Ш_{шығ}}{Q_{жіб}} = 6675,5 \text{тг/Гкал}$$

#### ЖЭО салуды және пайдалануды экономикалық бағалау

ЖЭО салуды және оны пайдалануды экономикалық бағалау шешім қабылдаудың бастапқы сатыларында әдетте бизнес-жоспар құрудың негізінде жүргізіледі, егер ол жақсы қорытындыларды көрсетсе, инвестициялық жоба жасалынады. Бұл ақша бағасының уақыт бойынша өзгерісін және жобаны іске асырудағы барлық кешенді шығындарды есепке алатын техника-экономикалық шешімдер қабылдауды бағалаудың қазіргі әдісі: ол бағалар мен келешектегі болатын тарифтік саясат, өнімді өткізу көлемі, жобаны іске асырудан болатын кіріс пен пайданы, несиені қайтаруға кететін пайда бөлігін, кәсіпорын несие алатын банктің пайыздық мөлшерлемесі, несие қайтару мерзімі.

Ірі энергетикалық нысандарды салу мен оны пайдалануды қаржылық-экономикалық бағалаудың қиындығы инвестициялардың бірнеше кезеңдермен түсуіне және жобаны іске асыруда нәтижелердің пайда болу ұзақтығына байланысты. Мұндай операциялардың ұзақтығы инвестицияларды бағалаудың белгісіздігіне және қателесу қаупіне әкеледі. Сондықтан практикада инвестициялық жобаларды бағалаудың жобаның қателік деңгейі минимумға жеткізілген әдістері қолданылады. Бұл әдістер таза келтірілген құнын (NPV), жобаның өтелу мерзімін (PP)

анықтау, пайданың ішкі нормаларынын есептеу (IRR), инвестицияның рентабелділігін есептеу (PI), инвестицияның бухгалтерлік рентабелділігін есептеу (ROI) болып табылады. Әрине практикада әрқашан инвестициялық жобаларды бағалаудың барлық 5 әдісі бірдей қолданыла бермейді. Сондықтан берілген жұмыста бастапқы 3 әдісі ғана қолданылады.

Кіріспеде айтылғандай электр стансасы сияқты ірі нысандарды салу дамыған елдерде әдетте мемлекеттің үлкен қаржылық және құқықтық қолдауымен, оған стратегиялық нысандарды басқаруға мүмкіндік бере отырып жүргізіледі. Ал қаражаттың қалған бөлігі жеңілдетілген несиелерді пайдаланылатын, көбінесе, акционерлік қоғамдардың құрылуымен жүзеге асады.

Есептеулерде ЖЭО салу капиталының үлестік таратылуы (K) мынандай: 75% мемлекет салады және 25% "KAZENERGY" АҚ қамтамасыз етеді. Бұл қаражат тек стансаның салынуына ғана кетеді, бірақ стансаның жұмыс істеуінің бірінші жылында пайдалану шығындарына да қаражат қажет (2- кесте).

Сонымен "KAZENERGY" АҚ банктен (10%) жеңілдетілген несие алатын инвестиция көлемі ( $I_0$ ) ЖЭО салуға толық капиталсалымдарының 25% -ын құрайды.

Инвестициялық жобаны бағалауды тек төрт көрсеткіш пайдаланатыны белгілі:

$I_0$  – бастапқы инвестициялар;

CF - несиені қайтаруға жіберілетін қаржы ағыны;

r - банктің несие бойынша пайыздық мөлшерлемесі (10%);

n - несиенің күнтізбелік жылы.

$$I_0 = 0,25 \cdot K = 0,25 \cdot 13117,104 = 3279,28 \text{ млн. тенге.}$$

Инвестициялық жобаларды жасағанда және талдағанда ең қиыны пайданы есептеу және несиені қайтаруға жіберілетін қаржы ағынын CF есептеу болып табылады.

Біздің ЖЭО-ның электр және жылу энергиясын жіберу тарифінің рентабелділігі 20% делік, демек

$$T_э = S_э * 1,2 = 8,65 * 1,2 = 10,38 \text{ теңге/кВтсағ},$$
$$T_ж = S_ж * 1,2 = 6675,5 * 1,2 = 8010,6 \text{ теңге/Гкал}.$$

ЖЭО-ның электр және жылу энергиясын өткізуден түсетін кірісі мынаған тең:

$$K_{іріс} = T_э * Э_{жіб} + T_ж * Q_{жіб} = 10,38 * 502320000 + 8010,6 * 903630 =$$
$$= 12450,419 \text{ млн. теңге},$$

ал қосынды шығындар мына түрде анықталады:

$$Ш = S_э * Э_{жіб} + S_ж * Q_{жіб} = 8,65 * 502320000 + 6675,5 * 903630 =$$
$$= 10375,35 \text{ млн. теңге}.$$

Олардың айырмасы пайданың мөлшерін береді:

$$П = K_{іріс} - Ш = 12450,419 - 10375,35 = 2075,07 \text{ млн. теңге}.$$

Мөлшері 20 % тең табыс салығын төлегеннен кейін таза пайда шығады,

$$ТП = П * (1 - 0,2) = 2075,07 * 0,8 = 1660,06 \text{ млн. теңге}.$$

Бұл толығымен банкке несие қайтаруға кетеді, демек қаржылық ағынды CF-ті құрайды.

Таза келтірілген құнды NPV анықтау әдісі

Бұл инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде фирманың құны қаншаға көтеріле (немесе сол инвестициядан берілген мерзімде түсетін таза пайданы көрсетеді) алатындығын көрсететін инвестицияны анықтаудың әдісі және ол төмендегідей анықталады

$$NPV = \frac{CF_1}{(1+r)^1} + \frac{CF_2}{(1+r)^2} + \dots + \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0 = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0$$

$I_0$  – бастапқы қаржылық салымдар.

3 кесте -NPV есептеу

ЖЫЛ	CF	R10	PV10
0	-3279,28	1,00	-3279,28
1	1660,06	0,91	1509,14
2	1660,06	0,83	1371,95
3	1660,06	0,75	1247,22
4	1660,06	0,68	1133,84
5	1660,06	0,62	1030,76
6	1660,06	0,56	937,06
7	1660,06	0,51	851,87
8	1660,06	0,47	774,43
9	1660,06	0,42	704,03
10	1660,06	0,39	640,02
11	1660,06	0,35	581,84
12	1660,06	0,32	528,94
13	1660,06	0,29	480,86
14	1660,06	0,26	437,14
15	1660,06	0,24	397,40
16	1660,06	0,22	361,28
17	1660,06	0,20	328,43
18	1660,06	0,18	298,58
19	1660,06	0,16	271,43
20	1660,06	0,15	246,76
NPV			10853,72

$$R = \frac{1}{(1+r)^n}$$

NPV есептеу PV-дің бірінші оң мәніне дейін жүргізіледі. Егер есептеу берілген мерзімде жылдар бойынша тиімсіз болса, онда жобаның стратегиясын қайта қарау керек - CF-ті көбейту немесе r-і төмен банк табу керек.

Егер NPV фирмаға қажет уақытты қанағаттандырса, онда жобаның нәтижесінде фирманың құны өседі, яғни жоба тиімді, оны қабылдау қажет.

Бұл әдістің кеңінен қолданылуы бастапқы шарттардың әртүрлі комбинацияларға барлық жағдайларда экономикалық ұтымды шешімдерді табуға мүмкіндік бере алатын тұрақтылығымен түсіндіріледі.

#### Пайданың ішкі нормаларын IRR есептеу әдісі

Пайданың ішкі нормасы инвестициялау мақсатына бағытталған қаржының өтелу деңгейін көрсетеді. Бұл  $r$ -дің қандай мәнінде  $NPV=0$  болатын көрсетеді

$$\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0 = 0.$$

$NPV=0$  болған кездегі IRR – бұл жоба фирманың құнының өсуін қамтамасыз етпейді және оның төмендеуіне әкелмейді.

Бұл дисконттық еселеуіш ( $R = 1: (1+r)^n$ ) инвестицияларды жарамды және пайдасыз деп бөледі. IRR-ді инвестициялауға капиталды қандай бағаға алғанын және оны пайдаланғанда қандай таза пайда деңгейін алғысы келетіні (барьерлік еселеуіш) ескере отырып фирма өзіне таңдайтын салымдардың өтелу деңгейімен салыстырады.

4 кесте – IRR есептеу

Жыл	CF	R10	PV10	R15	PV15
0	-3279,28	1,00	-3279,28	1	-3279,28
1	1660,06	0,91	1509,14	0,87	1443,53
2	1660,06	0,83	1371,95	0,76	1255,24
3	1660,06	0,75	1247,22	0,66	1091,51
4	1660,06	0,68	1133,84	0,57	949,14
5	1660,06	0,62	1030,76	0,50	825,34
6	1660,06	0,56	937,06	0,43	717,69
7	1660,06	0,51	851,87	0,38	624,08
8	1660,06	0,47	774,43	0,33	542,68
9	1660,06	0,42	704,03	0,28	471,89
10	1660,06	0,39	640,02	0,25	410,34
11	1660,06	0,35	581,84	0,21	356,82
12	1660,06	0,32	528,94	0,19	310,28

13	1660,06	0,29	480,86	0,16	269,81
14	1660,06	0,26	437,14	0,14	234,61
15	1660,06	0,24	397,40	0,12	204,01
16	1660,06	0,22	361,28	0,11	177,40
17	1660,06	0,20	328,43	0,09	154,26
18	1660,06	0,18	298,58	0,08	134,14
19	1660,06	0,16	271,43	0,07	116,64
20	1660,06	0,15	246,76	0,06	101,43
NPV			10853,72		7111,56

IRR шамасы төмендегі кейіптемемен анықталады

$$IRR = r_1 + \frac{NPV_{r_1}}{NPV_{r_1} - NPV_{r_2}} \cdot (r_2 - r_1) = 10 + \frac{10853,72}{10853,72 + 7111,56} \cdot (15 - 10) = 24,5\%$$

IRR жоба бойынша тәуекел деңгейінің индикаторы болады - IRR қаншалықты фирмамен қабылданған барьерлік еселеуіштен көп болса, соншалықты жобаның беріктік қоры көп болады және соншалықты болашақтағы қаржылық түсімдерді бағалау кезіндегі қателіктер қорқынышты болмайды.

Инвестицияның өтелу мерзімін PP есептеу

Бұл әдіс бастапқы инвестициялардың сомасын өтеуге қажет уақытты анықтауға негізделген. CF жылдар бойынша тең болғанда :

$$PP = \frac{I_0}{CF_n} = \frac{3279,28}{1660} = 1,97 \text{ жыл}$$

Өтелу мерзімі 1,97 жыл, яғни 1 жыл 10 ай.

7. Өмір тіршілік қауіпсіздігі.

Дипломдық жобада қуаты 84 МВт экологиялық таза когенерациялық газшығырлы Жылу Электр Орталығы (ЖЭО) өндірісінің жобасы ұсынылған.

Жабдықтарды қауіпсіздің қолданудың ұйым қағидалары еңбекті қорғаудың нормативтік-техникалық документациясы талаптарына

орналастырылады. Осының негізінде қызмет көрсетушінің арасындағы оперативті байланыс сұлбесін, негізгі өндірістің технологиялық сұлбесін, негізгі өндірістің технологиялық жүйесімен байланысты оның қағидалы сұлбесін, жабдықтың қысқа суреттемесін құрайтын пайдалану нұсқауын құрастырады. Жабдықтың қызметіне және жөндеуіне жасы 18-ге жеткен шамадағы адамдар жіберіледі.

Жабдықтың барлық ыстық бөліктері құбырлар, күбілер және басқа жұғысып кеткенде күйік тудыратын бөлшектер беткейінде жылулық оқшауламалары болуы тиіс. Оқшауламаның бетіндегі температура, қоршаған ауа температурасы  $25^{\circ}\text{C}$  болғанда,  $45^{\circ}\text{C}$ -ден аспауы керек

Қазандық қондырғылардың сенімді және үзіліссіз жұмысы қазандық жабдықтардың техникалық пайдалану жағдайы мен сапасына тәуелді: қауіпсіздік, өнеркәсіптік санитарлық және өртсөндіргіш техника қалыптарының орындалуы, өнеркәсіптік пен техникалық деңгейі және қызметшілері.

Еңбек қорғау талаптарын бақылау, Мемлекеттік техникалық қадағалау ережелерін және пайдалану нұсқауларын бұзу, сапасыз немесе жөндеу жұмыстарының дұрыс орындалмауы, қызмет етудегі мұқиятсыздық және қызметшінің апаттық жағдайдағы әрекетті дұрыс жүргізбеуі, мұндай жағдайлардың тереңдетілуі, зор апаттарға және ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

Әсіресе қазанның және ошақ құтысындағы газ-ауалық қоспалардың және газ жолындағы жарылыстары аса қауіпті болып келеді.

Қазандық қондырғыларды дұрыс пайдаланған кезде ғана апаттардан және өндірістік травматизмнен құтылуға, үзіліссіз және үнемді жұмыспен қамтамасыз етуге, отынды көп мөлшерде үнемдеуге және қазандық жабдықты жөндеуге кеткен шығындарды азайтуға мүмкіндік туғызады.

ЖЭО-тағы шығырлық цехта қауіпті және зиянды өндірістік факторлармен сипатталады. Өндірістік зиянды факторларға жұмысшыға

зақым келтіретін іс-қимылдар жатады, қауіпті факторларға ауруға ұшыраған жайды жатқызамыз.

Жоба юойынша Жылу Электр Орналыгына байланысты Өмір Тіршілік қауіпсіздік бөлімінде келесі тақырыптар қарастырылады:

- жұмыс істеп тұрған қондығылардан шығатын шу мен діріл;
- электр қауіпсіздік;
- бөлмелердің микроклиматын қамтамасыз ету;
- өндірістік жарықтануды есептеу.

#### 7.1 Жұмыс істеп тұрған қондырғылардан шығатын шу мен діріл

Шығыр цехында зиянды өндірістік факторлармен ұзақ уақыт жұмыс істеуіне байланысты, адам денсаулығына қауіп әкеледі. Шығырлық цехта негізгі жағдай ол шу мен дірілдің шектен тыс болуы, көптеген аурулар осы факторлардан пайда болады. Бұл қауіпті факторлар жұмысшыны еріксіз техникалық қауіпсіздік ережелерін бұзуға мәжбүрлейді. Сол себептен оның апатқа ұшырауы әбден мүмкін.

Шу еңбек шартын төмендетеді әрі адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Шу адам ағзасына ұзақ уақыт әсер еткенде келесі келеңсіз құбылыстарға әкеледі: көздің жақсы көруіне, естуіне, қан қысымының көтерілуіне. Шу қатты әрі ұзақ уақыт әсер еткен кезінде жүрек соғуына және нерв жүйелерінің функционалды өзгерісінің себебі болуы мүмкін.

Цехтағы шудың негізгі көзі технологиялық процесстің әсерінен пайда болады, оның көзі болып қайтып оралатын қозғалыс механизмі, теңсіздік, қозғалыс массасы, бөлшектердің соққысы, электромагниттік шулар, цехтың желдеткіш қондырғысы болып табылады.

Шуды төмендету үшін келесі шаралар қолданылады:

- а) шудың пайда болу себептерін анықтау;
- б) шу көздерін төмендету, машиналардағы және жабдықтың ақауларын шестерндерде төмендету, жұмыс істеу беттерін майлау;



в) дыбысты оқшаулау көмегімен шуды төмендету, ұнтақтау және сыртқы тазалауды резинамен қаптау;

г) санитарлы-қорғау аймағын жасылдандыру және рационалды жобаны өңдеу;

д) жұмыс орнын дыбысжұту материалдар көмегімен акустикалық өңдеу (минералды мақта көмегімен);

е) цехтарда шудан сақтану үшін арнайы дыбыс жиілігін төмендететін құралдарды қолданады.

Дірілдің әсерлері адамның жүйке жүйелеріне, бұлшықеттеріне, сүйектеріне, көздеріне, құлақ естуіне де кері әсерін тигізеді. Ұзақ уақытты әсер емдеуге келмейтін діріл ауруына әкеліп соғуы мүмкін, онда адам ағзасының физиологиялық қызметтері зардап шегеді. Әсіресе зиянды дірілдегіштер дене жиілігіндегі және ағзасында (6-9 Гц), қолында (30-80 Гц) болады. Дірілдеткіш қалыпты нормалары 120-102 дБ орнатылған. Бұл нормалар 4-8 сағат әсер ету уақытына орнатылған, егер 4 сағаттан кем әсер етсе, 1,4 есе көбейеді. Дірілден сақтау әсері оны қорғау немесе техникалық себептермен белгілі бір деңгейге дейін төмендету. Дірілге қарсы келесі әдістер қолданылады: айналмалы қалыпты және динамикалық салмақтарды азайту, жүйедегі белгілі нүктелерге қосымша енгізу, сенімді тіректер мен байланыс аралықтарын қолдану; машинадағы барлық байланыстық және өткізгіштік түйіндерді майлау; инерциялық және сенімділік кедергілеу тербелмелі қайратты дірілжұту қондырғысымен жүзеге асыру. Бұл үшін жеке

фундамент салмағын көбейтеді, қатаң қыр көмегімен жүйе қатаңдығын арттырады. Діріл оқшаулатқыш діріл көзінен фундаментке дейінгі, еденге, жұмыс орнының дірілін азайтады. Бұл үшін дірілтарату жолы діріл оқшаулауды орнатады – резина, болат пружинасынан жасалынған қондырғы.

Мемлекеттік бақылау шарттарына сәйкес жұмыс орындары жеткілікті жарықпен қамтамасыздандырылу керек, ал түнгі уақытта және жарық көзі жоқ жерлерде электрлік жарықпен қамтамасыздандырылу керек. Жарықтың дұрыс мөлшерде қамтамасыз етілмеуі жұмыстың сапалы орындалуын бұзады. Дұрыс жобаланған, санитарлық нормалар талаптарына жауапты жарықтану адамдар психологиясына оң әсерін тигізеді, көру мүшесіне қалыпты шарттар құрады, еңбек қауіпсіздігін жоғарлатады.

## *7.2 Электр қауіпсіздік*

- Адамның электр тоғымен жарақаттануы мына жағдайларда болуы мүмкін:
  - электр қондырғысының кернеулі тоқ жүргізулі бөліктеріне тиіп кету;
  - аяқтың жерден оқшаулануы кезінде екі фазаға (полюстарға) тиіп кету;
  - аяқтың жерде немесе тоқ өткізілген еденде орналасқан бір фазаға – тоқ жүргізулі бөліктеріне тиіп кету;
  - оқшауланудың зақымдалуынан болған, кернеуге кездейсоқ түсіп кеткен электр қондырғының ток жүргізулі емес құрылымдық бөліктеріне тиіп кету;
  - электрлік доғамен дененің күйіп қалуы.
- Адамның электр тоғымен жарақаттану дәрежесі адамның ток тізбегіне қосылған бөлменің сипатына байланысты болады.

Электрлік тоқпен жарақаттану бойынша белгілі қазандық аса жоғары қауіпті бөлмелерге жатады, себебі бөлме ішінде жоғары температура жоғары ылғалдылықпен бірге қатыстырылады.

Электр қондырғыларды пайдалану қауіпсіздігі Техника қауіпсіздік ережелерімен регламенттеледі (ТҚЕ) [12]. Белгілі Ережелерге бағына отырып, келесі қорғаныс шаралар қабылданады:

а) Қазандықта электр жабдықтар қорғанысты орындалуда қабылданады. Оқшауланудың зақымдалуынан болған кернеу астына түсу мүмкіндігі бар барлық механикалық, тоқ жүргізулі емес бөліктерін (электр қозғалтқыш тұрқыларын, шам шкафтарын) жерге тұйықтау қоректік желі өткізгішіне қосу жолымен жерлендіреді;

б) кабельдік сызықтардың қоректендіру қимасы жіберілген тоқ жүктемесіне байланысты таңдалған және тоқтың экономикалық тығыздығы, тоққа және апаттық тәртіпке термиялық орнықтылығы бойынша тексерілген;

в) ГПП-да әкетілген сызықты ұяшықтарда  $t = 1,5$  сек уақыт ұсталымымен сөндіру әрекеті бар және бір фазалық тұйықталудан қорғанудың жерге дабыл беру әрекеті бар, максималды тоқтық қорғаныс қондырылған;

г) Жоғары вольттік кабельдер қызыл кірпішпен механикалық зақымдалудан қорғалған;

д) ғимараттар мен құрылыстардың найзағай қорғаныстық қондырғылары, қорғаныстық жерге тұйықтандырулары қарастырылған;

е) Тоқ жүру бөліктері мен плакаттардың алдын-ала ілінуі.

### 7.3 Бөлмелердің микроклиматын қамтамасыз ету

Жұмыстық аймақта микроклимат жұмыскерлерге ыңғайлылық пен жоғары жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету керек. МЕМҮЛІ 12.1.005-76 талаптарына сәйкес микроклимат жұмыс орнында нормаларына сәйкес болу міндетті. Микроклимат жұмыс орнында ауаның желдетуімен, қазандардың және жылу қолданулық жабдықтардың бетін жақсы жылу

оқшаулаумен, ауа салқындатқыш және басқа да шаралардың жасалуымен жүзеге асады.

Газ, бу немесе шаң түрінде бөлінетін заттардың зиянды әсерін болдырмау үшін, жабдықтардың жоғары саңылаусыздандыруын қамдау және жергілікті тартулық орналастыру керек. Жұмыстық аймақтың ауасындағы зиянды заттардың құрамы, РФ Денсаулық сақтау Министрлігімен бекітілген, шектік рұқсатты концентрациядан (ШРК) аспауы керек. Жұмыстық аймақтың ауасындағы зиянды заттардың мәндерінің ШРК-сы, ұзақтығы сегіз сағаттан аспайтын барлық жұмыстық стаж бойында, жұмыс үрдісінде немесе алыстатылған уақытта, зерттеудің заманауи әдістерімен анықталған жұмыскерлердің денсаулығында ауруларды немесе ақауларды болдырмайды.

Бөлменің ауасын қажетті желдетулік алмасуы құралдардың селдірлері арқылы келетін зиянды булардың мөлшеріне тәуелді.

Белгілі талаптарға бағына отырып, қазандық залды желдету табиғи және механикалық қозғаушыларымен қарастырылады. Механикалық қозғаушылар ретінде үрлегіштік желдеткіштер қолданылады. Қазандық залдың ауа алмасуы жылдың жаз және өтпелі кезеңіндегі артықтардың жойылу, қыс кезеңінде үш реттік ауа алмасу есебімен анықталады. Қыс кезінде бөлмедегі салқындықты жою үшін қазандық залда жойылған ауаны өтейтін, шыныландырудың жоғарғы фрамугтарынан келетін ағындық ауаны қыздыратын АПВ-280/190 типті жылытулық-реттегіштік қондырғылар орналастырылады. Өтпелі кезеңде ауаны жою үрлегіштік желдеткіштермен, дефлекторлармен жобаланады. Зертхана бөлмелерінде үш реттік ауа алмасуға есептелген ағындық-тартулық желдеткіштер, сонымен қатар химиялық шкафтан жергілікті сору жобаланады.

Барлық тұрмыстық бөлмелер табиғи жолмен желдетіледі.

Басты жұмыстық бөлме ғимаратында үш реттік ауа алмасуға есептелген ағындық-тартулық желдеткіш жобаланады.

Апатты жағдайда тыныс-алу жолдарын қорғау үшін респираторлар, газ қайтарғыштар, оттегілік оқшаулағыш қондырғылар және басқа да құралдар қолданылады.

#### 7.4 Жасанды жарықтандыруды есептеу

Станциядағы қауіпсіз жұмысты қамту үшін бөлмедегі табиғи және жасанды жарықтандыру қалыпты болу керек. Берілген бөлмеде орталықтан басқарудың жалпы жарықтануына есептеулер жүргізіледі.

Қалқанды басқарудың өлшемдері болады; ұзындығы  $L=15\text{м}$ ; бөлменің ені  $B=12\text{м}$ ; биіктігі  $H=3\text{м}$ ; Еден деңгейінен жоғары жұмыстық беттің биіктігі  $2\text{м}$ , терезелер  $1,2\text{м}$  биіктіктен басталады, терезе биіктігі  $1,6\text{м}$ . Өндіріс Балқашта орналасқан, яғни 4 жарықтың полюстан тұрады, ОҚБ қарама-қарсы ауыстыратын ғимарат жоқ. Минималды жарықтандыру сыртқы қабырғадан  $7\text{ м}$ .

Жасанды жарықтандыруды есептеу, ЖҚБ.

Өндіріс орындарындағы жасанды жарықтандырудың шарты көздің жұмыс жасауына, адамдардың физикалық және моральдық күштерінен, соның ішінде еңбек өнімділігіне, өнімнің сапасына және өндірістік жарықталу үлкен әсер етеді. Еңбектің қолайлы шартын құру үшін өндірістік жарықтандыру келесі талаптарға жауап береді;

1. Жұмыс орындағы жарықтандыру гигиеналық нормаға сай болу керек.
2. Жұмыстық беттің және қоршаған ортаның жарықтылығы мүмкіндігінше бірдей таралу тиіс.
3. Жұмыстық бетте өткір көлеңке болмау керек, олардың болуы жарықтың тең емес таралуына әкеліп соқтырады.
4. Көру аймағында жылтырау болмау керек.
5. Дұрыс жарық өткізу үшін жарықтың спектрлік құрамын жарықтандыру қамту керек.

Басты жұмыстық бөлме үшін жүйеге жалпы жарықтандырудың қуаты  $P=65\text{Вт}$ , жарықтың ағымы  $\Phi_{\text{л}}=3570\text{лм}$ .

Нүктелік әдіс.

Жұмыстық бет еденнен 1,0м биіктікте орналасқан, жарық шамының іліну ұзындығы 1,5м, соған сәйкес  $h_{\text{расч}}=h_{\text{зд}} - h_{\text{св}} - h_{\text{р.п.}} = 5-1,5-1,0=2,5$  м.

Алынған жарық шамдарын 5 қатарға 4 данадан орналастырамыз. (3.1 - сурет). Жарық шамдары арасындағы ең қолайлы ара қашықтық келесі кейіптемемен анықтаймыз:

$$z_a = \lambda * h_{\text{расч}} = 1.2 * 2.5 = 3 \text{ м}$$

Қабырға мен шамдардың арасындағы ара-қашықтық 2 м, шамдардың арасындағы қатарлар арасында  $z_b = \lambda * h_{\text{расч}} = 1,2 * 2,5 = 3$  м.

Кесте-3.11. Жарық күшінің мәні

Шам типі	$\alpha$ бұрышының бағытындағы жарық күші $I_{\alpha}$ , кд										
	0	5	15	25	35	45	55	65	75	85	90
ЛД - 65	242	241	230	215	190	158	119	76	40	10	0

Кесте-3.12. Шамның сипаттамасы.

Номиналды қуат,Вт	Номиналды жарық ағыны,лм шамның түрі.	Шамның өлшемі, мм	
		диаметр	ұзындығы
65	ЛД	40	1514,2
	3570		

2.2[26] кестесі бойынша төбенің, қабырғаның, еденнің шағылу еселеуішін анықтаймыз.

Кесте-3.13.  $\rho_{\text{т}}$ ,  $\rho_{\text{к}}$  мәндері

Төбенің күйі	$\rho_{\text{т}}$	Қабырғаның күйі	$\rho_{\text{к}}$
Таза бетонды	50	Жаңа ағартқан терезесі бар	70

$$\rho_m = 50\% , \rho_{\kappa} = 70\% , \rho_{\text{ед}} = 30\%$$

3.1-ші сұлбеде бір нүктені таңдап және осы нүктеден әр шамдарына дейін арақашықтықты есептейміз.

$$\begin{aligned}
 d_{1.2.11.13} &= \sqrt{1.5^2 + 3^2} = 3.35 & d_9 &= 7.5 \\
 d_{6.7} &= 1.5 & d_{10} &= 10.5 \\
 d_{3.13} &= \sqrt{4.5^2 + 3^2} = 5.41 & d_{4.14} &= \sqrt{7.5^2 + 3^2} = 8.1 \\
 d_8 &= 4.5 & d_{5.15} &= \sqrt{10.5^2 + 3^2} = 13.25
 \end{aligned}$$

Минимал жарықтандыруды табамыз:

$$E = \frac{\Phi \cdot \mu \cdot \sum_1^{15} e_z}{1000 \cdot K_3} \quad (3.1),$$

мұнда  $K_3=1,5$  – қор еселеуіші ;

$\mu=1,15$  – алыстағы шамның әсер еселеуіші.

$$\operatorname{tg} \alpha_1 = \frac{d_{1.2.11.12}}{h_{\text{расч}}} = \frac{3,35}{2,5} = 1,34;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_2 = \frac{d_{6.7}}{h_{\text{расч}}} = \frac{1,5}{2,5} = 0,6;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_3 = \frac{d_{3.13}}{h_{\text{расч}}} = \frac{5,41}{2,5} = 2,164;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_4 = \frac{d_8}{h_{\text{расч}}} = \frac{4,5}{2,5} = 1,8;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_5 = \frac{d_9}{h_{\text{расч}}} = \frac{7,5}{2,5} = 3;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_6 = \frac{d_{10}}{h_{\text{расч}}} = \frac{10,5}{2,5} = 4,2;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_7 = \frac{d_{4.14}}{h_{\text{расч}}} = \frac{8,1}{2,5} = 3,24;$$

$$\operatorname{tg} \alpha_8 = \frac{d_{5.15}}{h_{\text{расч}}} = \frac{13,25}{2,5} = 5,3;$$

сонда, біз табамыз:

$$\alpha_1=53,3^0, \alpha_2=30,96^0, \alpha_3=65,2^0, \alpha_4=60,95^0,$$

$$\alpha_5=71,6^0, \alpha_6=76,61^0, \alpha_7=72,85^0, \alpha_8=79,32^0.$$

3.11-кесте бойынша жарық күшін табамыз:

$$I_{\alpha 1}=125.63$$

$$I_{\alpha 5}=52.24$$

$$I_{\alpha 2}=200.1 \quad I_{\alpha 6}=35.17$$

$$I_{\alpha 3}=76 \quad I_{\alpha 7}=47.74$$

$$I_{\alpha 4}=97.5 \quad I_{\alpha 8}=27.04$$

Алынған мәліметтер бойынша жарықтануды табамыз

$$e_z = \frac{I_{\alpha} \cdot \cos \alpha}{h^2_{расч}}, \text{ ЛК}$$

$$e_{r1,2,11,12} = 4 \cdot \frac{125,63 \cdot \cos^3 53.3}{2.5^2} = 4 \cdot 4.3 = 17.2$$

$$e_{r6,7} = 2 \cdot \frac{200,1 \cdot \cos^3 30.96}{2.5^2} = 40.4$$

$$e_{r3,13} = 2 \cdot \frac{76 \cdot \cos^3 65.2}{2.5^2} = 1.79$$

$$e_{r8} = \frac{97.5 \cdot \cos^3 60.95}{2.5^2} = 1.79$$

$$e_{r9} = \frac{52.24 \cdot \cos^3 71.6}{2.5^2} = 0.263$$

$$e_{r10} = \frac{35.17 \cdot \cos^3 76.61}{2.5^2} = 0.07$$

$$e_{r4,14} = 2 \cdot \frac{47.74 \cdot \cos^3 72.85}{2.5^2} = 0.392$$

$$e_{r5,15} = 2 \cdot \frac{27.04 \cdot \cos^3 79.32}{2.5^2} = 0.055$$

сонда А нүктесіндегі жарықтанудың қосындысы:

$$\sum_1^{15} e_z = 17,2 + 40,4 + 1,79 + 1,79 + 0,263 + 0,07 + 0,392 + 0,055 = 61,96$$

Табылған мәліметтерді (3.1) кейіптемеге қоямыз:

$$E_r = \frac{1450 \cdot 1,15 \cdot 61,96}{1000 \cdot 1,2} = 86,099 < 200 \text{ лк}$$


Егер  $E_r \geq E_n$  шарты орындалса онда жұмыс орнындағы жарықтану жеткілікті деп есептеледі. "5, а" тобының көру жұмысының разряды үшін  $E_n = 200$  лк.  $E_r \geq E_n = 86,099 \leq 200$  шарты орындалмайды. Сондықтан  $E_n$



=200 лк,  $K_3 = 1.5$  болғандағы А нүктесіндегі жарықтануды алу үшін, әр шам келесідей жарық ағынын беру керек:

$$\Phi = \frac{1000 \cdot E_2 \cdot K_3}{\mu \cdot \sum_1^{15} e_2} = \frac{1000 \cdot 200 \cdot 1,2}{1,15 \cdot 61,96} = 3368,2 \text{ лм};$$

осы мәнге сәйкес шамды тандаймыз.



3.1-сурет. Шамдардың орналасу сұлбесі.

Пайдалану еселеуіш әдісі.

Есептік аспалы биіктігі жұмыстық бет 2м биіктікте болады лампаның іліну биіктігі:

$$h = 3 - (2 + 0) = 1 \text{ м}$$

Светильник арасындағы ең тиімді арақашықтық:

$$z = \lambda \cdot h = 1,4 \cdot 1 = 1,4 \text{ м}$$

Мұнда  $\lambda = 1,4$ .

Светильниктердің 8 қатарын қабылдаймыз, қабырғадан 0,5м арақашықтығымен, ал қатарлар арасында 1,4м.

Бөлменің көрсеткішін анықтаймыз:

$$i = \frac{l * B}{l * (l + B)} = \frac{15 * 12}{1 * (15 + 12)} = 6,6$$

2.5[26] кестесі бойынша  $\eta = 53\%$ , ол 1.10[26] кесте бойынша  $K_k = 1,5$  табамыз.

Кесте-3.13. Жарық ағының пайдалану еселеуішінің мәні.


Шамның түрі	Пайдалану еселеуіші $\eta$ , %
Люминесцентті шамдар	
III - группа	53

Люминесцентті шамдардың санын анықтаймыз:

$$N = \frac{E * K_k * S * z}{l * \phi_s * \eta} = \frac{200 * 1,5 * 180 * 1,4}{1 * 3570 * 0,53} = 30 \text{ дана}$$

Әр қатарға 4 лампадан орналастыра отырып 32 лампа қабылдаймыз.

Әр лампаның жарық ағыны 300 мм, ал қуаты 65Вт құрайды.



3.2-сурет. Шамдардың орналасу сұлбесі.

## Қорытынды

Дипломдық жобада экологиялық таза когенерациялық газ шығырлы ЖЭС-ның 84 МВт қуатты өндіру жобасы ұсынылған.

Энергияның бастапқы көз қажеттілігінің өсу шапшаңдығына қарағанда, электрэнергия қажеттілігінің өсу шапшаңдығын озатын, әлемдік энергетикалық кеңеспен және дамыған өнеркәсіптік елдерді басып өтетін, жетілдірілуші әлемдік энергетикалық шаруашылығының даму болжамдары жорамалданады. Электрэнергияның болжамдалған қажеттіліктерін қанағаттандыру жаңа өндірілген қуаттарды міндеттейді, демек, қоршаған ортаға тасталатын қосымша көлемді ластанған заттардың түзуіне әкеледі. Туындалған мәселе шешімінің жалпы мойындалған бағыттары, шығар газдардағы зиянды заттардың шоғырлануын, (дәстүрлі бу-күштік қондырғыларға қарағанда) дамушы бу газдық технологияларда зиянды заттардың шоғырлануын азайтуды қамтамасыз ететін, ГШҚ-ның энергетикалық тиімділігін жоғарылату арқасында, барлық тастандылардың төмендету қабілеттілікте болатын, отын пайдаланудың энергетикаға экологиялық таза технологияларды кең түрде өндіру болып табылады.

Жобада ЖЭС-дағы газшығырлық қондырғының жылулық сұлбасы мен жабдықтарын таңдау, пайдаға асырғыш қазанды есептеу жүргізілген. Газ оттықтарын автоматты реттеу сұрақтары автоматтау бөлімінде қарастырылған.

Экономикалық бөлімде жобаға қажетті техника-экономикалық есептеулер жүргізілген. Бұл есептеудің мақсаты жобаны іске асыру барысында қанша мөлшерде ақшалай қаражат қажет екендігі және ол қаражатты қайдан, сонымен қатар ол қаражаттың қанша уақытта ақталатындығы, яғни алған қарыз несие қаражаттың төлену уақытын есептедім. Бастапқы қаржылық салым  $I_0=3279,28$  млн. тг, таза келтірілген

құн  $NPV=10853,72$  млн. тг, пайданың ішкі нормасы  $IRR=24,5\%$ , инвестицияның өтелу мерзімі  $PP=1,97$  жыл екендігі анықталды.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электрқауіпсіздік, микроклиматты қамтамасыз ету, жасанды жарықтандыру, жабдықтарды қауіпсіздік қолданудың ұйым қағидаларын еңбекті қорғаудың нормативтік-техникалық документациясын талаптарына сай жасалынды.

## Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Бузников Е.Ф., Роддатис К.Ф. Производственные и отопительные котельные.— М.: Энергоатомиздат, 1984.
2. Григорьев В.А., Зорин В.М. Промышленная теплоэнергетика и теплотехника: Справочник.— М.: Энергоатомиздат, 1983.
3. Емельянов А.И., Канник О.В. Проектирование систем автоматизации технологических процессов.— М.: Энергоатомиздат, 1983.
4. Липов Ю.М., Самойлов Ю.Ф., Виленский Т.В. Компоновка и тепловой расчет парового котла. М. Энергоатомиздат, 1988г.
5. Сидельковский Л.Н., Юренев В.Н. Котельные установки промышленных предприятий. М. Энергоатомиздат, 1988г.
6. Ковалев А.П., Лелеев Н.С., Виленский Т.В. Парогенераторы. М. Энергоатомиздат, 1985г.
7. Петров И.К., Потемин Д.П. Курсовое и дипломное проектирование по автоматизации производственных процессов.— М.: Высшая школа, 1989.
8. Роддатис К.Ф. и др. Справочник по котельным установкам малой производительности.— М.: Энергоатомиздат, 1989.
9. Сафонов А.П. Сборник задач по теплофикации и тепловым сетям.— М.: Энергоатомиздат, 1985.
10. Соколов Е.Я. Теплофикация и тепловые сети.— М.: Изд-во МЭИ, 1999.
11. Чернухин А.А., Флансерман Ю.Н. Экономика энергетики СССР.— М.: Энергия, 1970.
12. Щекин Р.В. Справочник по теплоснабжению и вентиляции.— Киев: Изд-во Буревестник, 1968.
13. Эстеркин Р.И. Котельные установки: Курсовое и дипломное проектирование.— Л.: Энергоатомиздат, 1989.

14.Юдин Е.Я., Белова С.В. Охрана труда в машиностроении.— М.: Машиностроение, 1983.

15.Правила техники безопасности при эксплуатации тепломеханического оборудования электростанций и тепловых сетей.М.,1991г.

16.Плетнев Г.П. Автоматическое регулирование и защита теплоэнергетических установок электрических станций, М.,Энергия 1981г.